

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің «6D021300 – Лингвистика» мамандығының докторанты Абдуллина Назгүл Өтеғұлқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болып қалыптасқан елімізде қазақ тіліне деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, нәтижесінде ғылыми ортада зерттеушілердің тың тақырыптарға деген қызығушылығының артуын байқауға болады. Соның ішінде Кеңес дәуірі кезінде қолданылып келген орасан зор көлемді басқа тілден енген, өзге тілді, әсіресе орысша немесе орыс тілі арқылы кірігіп, өзгеріссіз сол бастапқы нұсқасында жұмсалып келген терминдер қазақ тілінде өз баламасын, аудармасын, атауын тауып жатқаны қазақ тілі терминологиясы, терминтанымы мәселелерінің жалпы тіл білімінде жаңа деңгейге көтерілуінің, жоғары мәртебеге ие болғанының куәсі деп санаймыз. Сонымен қатар жоғарыда аталып кеткен шеттілді терминдердің ұлт тіліндегі жаңадан жасалған аударма, балама нұсқаларының қолданыс деңгейі, олардың көп нұсқалылығы, әсіресе өзге тілді және қазақ тіліндегі терминдердің қатар жұмсалып, кәсіби және ғылыми салалардағы узуалдану үдерісінен өту барысы мен жұмсалым ерекшелігі қай кездері болмасын дау туғызатыны баршамызға мәлім.

Осы тұрғыдан келгенде, Абдуллина Назгүл Өтеғұлқызының «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы» тақырыбында дайындаған диссертациясы жоғарыда аталған мәселелерді шешуге атсалысатын құнды зерттеулер қатарынан табылады деп есептейміз. Қазіргі таңда қазақ тілінде жаңадан пайда болған термин бірліктерін когнитивтік тұрғыдан зерттеу терминология саласының әрі қарай дамуына ықпал етеді деп сенеміз. Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Абдуллина Н.Ө. диссертациясының басты мақсаты – терминдердің, ең алдымен тілдік бірлік ретіндегі құрылымын зерттей отырып, олардың адам санасында туындап, белгілейтін нысан туралы ақпаратты қабылдап, сақтап, өңдеп (интерпретациялап), әрі қарай вербалдануына мүмкіндік беретін когнитивтік құрылымдармен байланысы арқылы ұлт тілі негізінде туындаған терминдердің ерекшелігін анықтап көрсету. Бұл тақырыпты мейлінше толық ашып көрсету үшін адам миында өтетін ойлау үдерісі және оның көрінісі ретінде когнитивтік категориялар (концепт, фрейм, гештальт) және терминтанымның негізгі зерттеу нысаны – терминдік бірлік арақатынасын сипаттайтын құбылыстарға ерекше назар аудару қажет.

Докторант Абдуллина Н.Ө. терминдік бірлікті және онымен байланысты когнитивтік құрылымды когнитивтік лингвистиканың басты әдіс-тәсілі концептуалдық талдау негізінде қарастырады.

Жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін диссертант:

- қазақ тіліндегі терминдердің пайда болу уәждерін анықтап, терминнің табиғатын жете тану, оның негізгі белгілеріне сипаттама беру;

- адамның ойлау, есте сақтау қабілеттерін қамтамасыз ететін ассоциация, визуалдық ойлау, метафоралану тәрізді когнитивтік үдерістердің сипаттамасын жасау;

- когнитивтік құрылым ретінде концепт, фрейм, гештальт ұғымдарының анықтамасын жасап, олардың терминдік бірлікпен байланысын көрсету;

- шет тілінен (орыс, ағылшын) енген термин сөздердің қазақ тіліндегі баламасына лексикалық-семантикалық талдау жасап, олардың концептуалдық анықтамасын беру;

- қазақ тілінде жаңадан жасалған терминдердің ұлттық тілдік бейне негізінде болатынын дәлелдеу сынды міндеттерді ойдағыдай іске асырып, қазіргі қазақ терминологиясындағы танымдық терминология, терминтаным мәселелерін жаңа нәтижелермен толықтырғанын алға тартамыз.

Абдуллина Н.Ө. қазақ тіліндегі жаңадан жасалған терминдер мен терминдік тіркестерді «Қазақ терминологиялық сөздігінде», «Қазақша-орысша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігінде» бекітілген қоғамдық-саяси терминдері негізінде зерттеген.

Н.Ө.Абдуллинаның диссертациялық жұмысының әр тарауы мұқият зерделеніп, зерттеу нәтижелері сапалы да құнды тұжырымдарға ие болады. Зерттеу жұмысында қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздер саны зерттеушінің зор еңбек атқарғанының дәлелі. Диссертация бөлімдері құрылымы жағынан логикалық сабақтасып, тақырыптың ашылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ізденушінің өз ой-пікірлері мен тұжырымдарының жалпы ғылыми парадигмалар аясында үйлесімді келтірілгенін де көреміз. Диссертацияны жазу барысында ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларда берілген негізгі көзқарастар зерттеу жұмысында орын табады. Ізденуші өз бетінше зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен жақсы деңгейде орындаған.

Абдуллина Н.Ө. зерттеу жұмысында отандық ғалымдардың еңбектерімен қатар ресейлік, шетелдік тіл мамандарының еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толықтай жауап береді. Жоғарыда аталған жайттарды ескере келе, ізденуші Абдуллина Назгүл Өтеғұлқызының «6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы» атты диссертациясын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми жетекшісі:  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«Түркітану және тіл теориясы»  
кафедрасының доценті, филология  
ғылымдарының докторы



Қ.Ж.Айдарбек